

ӘОЖ 372.2:741

**МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚИЯЛЫН
ДАМУДА ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС СУРЕТ САЛУ ӘДІСТЕРІН ПАЙДАЛАНУ
МҮМКІНДІГІ**

Ниязбекова Гульназ Жеткергеновна

niyazbekovgulnaz@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті,
5В010100-«Мектеп жасына дейінгі тәрбие және оқыту»

мамандығының студенті

Ғылыми жетекші- Муталиева А.Ш.,- п.ғ.к.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын басты мақсат-саналы ұрпақ тәрбиелеу. Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Тоқаев 2020 жылғы 1 қыркүйекте «Жаңа жағдайдағы Қазақстан:іс-қимыл кезеңі» атты халыққа арналған жолдауында: «Балаларды шығармашылыққа жаппай тартудың осындай қағидаты бойынша республикалық және жергілікті деңгейдегі мәдениет ұйымдарында шығармашылық үйірмелер құруға басташылдық жасалады.Бұл балаларды дамыту мақсатында бос уақыттарын тиімді пайдалануды қамтамасыз етіп, талантты балаларды ерте кезеңде анықтауға ықпал етеді.

Сонымен қатар, мәдениет және өнер ұйымдарында ересектермен белсенді өзара іс-қимыл жасау үшін қажетті жағдайлар іске асырылады. [1] Осы орайда, балалардың шығармашылығының дамуын қамтамасыз ету мақсатында дәстүрден тыс сурет салу әдістерін пайдалану және оны тәжірибелік тұрғыда енгізудің маңызы зор.

Қиял-адамды жануарлардан ерекшелейтін айқын қасиетінің бірі. Философ Е.В. Ильенков: « өз алдына қиял немесе қиялдың күші адамды ерекшелейтін асыл қасиет ғана емес, жалпыға бірдей әмбебап қабілеттің қатарына жатады», - деген сөзімен дәлелдеуге болады. [2]

Әр бала табиғатынан-шығармашыл тұлға, Бірақ, әдетте балалардың шығармашылық мүмкіндіктері жасырын күйде қалып немесе бала бойында ашылмай қалған қабілет ретінде әрдайым толық жүзеге асырыла бермейді.

Дәстүрлі емес сурет салу техникаларын қолданғанда, сурет салу мектеп жасына дейінгі балаларды шаршатпайды, керісінше ол тапсырманы орындауға белгіленген уақытта бейнелеуге үйретеді. Тәрбиешіде балаға деген көзқарас қалыптасуы, оның қалауы мен қызығушылығын ескеруге мүмкіндік беретін бұл әдіс-тәсіл көптеген практикалық дағдыларды игеруге, өзін тәуелсіз сезінуге, еңбек дағдылары мен шеберлік қасиеттерінің дамуымен байланысты болып жатады. Ерекше материалдармен және ерекше әдістермен сурет салу балаларға ұмтылмас эмоциялар сыйлайды. Өз сезімдерін қағаз бетіне түсіріп білдіре білген бала, ол басқалардың сезімдерін де түсінуге алғашқы қадам жасай бастайды, ұялшақтық пен қорқу сезімдерінен арылуға мүмкіндік береді. Әрі күні кеше қарапайым материал болып көрінген заттарды көркемдік мақсатта пайдаға асырғанда болжанбаған таң қалу мен жаңаша көзқарас пайда болады. Осы арқылы соншалықты қызығып, эмоцияға ерік берген кішкентай суретшілердің сезімі «эмоция бүлігі» деп аталады. [3]

Балабақшадағы суреттер мектеп жасына дейінгі балаларға қолжетімді шектерде көркемдік және шығармашылық іс-әрекеттерді үйретуге бағытталған. Балаларға сурет салу техникаларын үйрету арқылы, оларға кез-келген графикалық кесіндерді еркін салуды, қоршаған орта мен өз ішкі әлемін ашық-жарқын жеткізуге және әсерлерімен бөлісуге көмек беретіні сөзсіз. Керемет орыс суретшісі П.П. Чистяков өз тәжірибесінде сурет салудың техникаларының күшті және әлсіз жақтарын көрсетіп, суретшінің ниетін білдірудегі маңыздылықты атап өткен болатын. Бұл суретшінің «техника» бұл суретшінің тілі» деген қанатты сөзі, бұл тілді білмей, көрерменге жұмыс жоспарын жеткізу мүмкін емес деп тіл қатқан болатын. Суретшілер сурет салу техникаларын кеңінен түсінеді: оған сызық техникалары, тушь жасау, сурет салу мәнері және оған қолданылуы қажет материалдар, сол материалдардың қасиеті мен бейнелеудегі мүмкіндіктеріне сәйкес пайдаланылуы әдіске кіреді. [4]

Затты дұрыс бейнелеу үшін ол туралы алдын-ала құрылған түсінік бола ғана қоймай, заттың сипатты белгілері- түс, пішін және олардың бір-біріне деген қатынасы болады. Сол белгілердің ара-жігін ажырату үшін мақсатты үйрету жүзеге асырылуы қажет. Балалардың сурет салу шығармашылығында көптеп кездесетін белгілердің бірі- қзіне ұнаған объекттің ашық түске боялуы, элементтің маңызды екенін көрсету үшін сол элементті үлкен етіп салуы бар. Осы фактілер мектеп жасына дейінгі балалар объектіге өзінің эмоциялық қатынасын беруге ұмтылған сәтінде бейненің түсі мен пішіні бұзылуына апарады. [5]

Осы басшылықтарды ескере отыра, балабақшада тәжірибелік тұрғыда орта топ балаларына эксперимент жұмыстары жүргізілген болатын. Экспериментке 6 тәрбиеленуші қатыстырылды. Бұл жұмысқа қажетті барлық жағдай, атап кеткенде білім беру бағдарламасына сай дамытушы пәндік-кеңестік орта құрылған.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс үш кезеңнен құралды:

Бірінші кезең-«анықтау кезеңі». Оның мақсаты-баланың шығармашылық қабілеттерінің бастапқы даму деңгейін анықтау болып табылды.

Екінші кезең-«қалыптастырушы»- яғни, бұл кезеңде балаға дәстүрден тыс техникамен жүзеге асырылатын бір әдіс ұсынылып, баланың шығармашылық қиялын дамытатын практикалық жұмыс беріледі.

Ал, үшінші кезеңде, практикалық тұрғыда жасалған жұмысқа бақылау жүргізіле отыра, одан нәтиже шығарамыз.

Алғашқы кезекте, тәрбиеленушілердің шығармашылығының даму деңгейін анықтауға диагностика жасалуы үшін, біз Е.Торренстің «Толық емес фигуралар» әдістемесіне сәйкес «геометриялық фигураны анықта» әдісі жүзеге асырылды. Бұл әдістің мақсаты-баллада қиялдың белсенділігін арттыру және берілген бөлшектерден бұрын, толық объекті байқап қалу.

Жоғары деңгейді 2 бала көрсетіп, ол көрсеткіштің 20% құрады. Бұл балаларда фигура салу барысында еш қиындық туындамай, емін-еркін өз суреттерін сипаттап, айтып отырды. Олардың көңіл-күйі тұрақты, ал жасалған жұмыстары басқалармен қайталанбай, ұсынылған фигуралары суреттің ортақ элементі болды.

Орта деңгейде, 5 тәрбиеленуші байқалды. Олар эксперименттік жұмыстың 50% құрайды. Бұл топ баларының жұмысынан қайталанған элементтер байқалса да, суреттер схемалық сипат алып, артық бөлшектерсіз орындалды.

Ал, төмен деңгейді жинаған бір тәрбиеленуші тапсырманы жеткілікті меңгермеуінен болар, өзіндік ынтасы байқалмай, салынған суреттің қасына қосымша өз ойынан элементтер қосқаны бар. Ол орындалған эксперименттің 10% құрады.

Анықтау бөлімінде, балалардың қызығушылығын толықтай көру үшін, ата-аналардың көмегі енгізіліп, олардан сауалнама алынды. Сауалнамаға 6 ата-ана қатысып, оның үшеуі балаларының бейнелеу өнеріне жетік қызығатынына сенімді болса, оның бірі баласының бейнелеу өнеріне қызығушылығы жоқтың қасы және үйде бұл әрекетке баланың ынтасы жоқ екенін айқын атап көрсетті. Ал, екі тәрбиеленушінің ата-анасы нақты жауап беруге сенімдері жоқ екенін білдірді. Аталған сауалнама нәтижесінде, ата-аналар бейнелеу өнерінің шығармашылық дамуына үлесі бар екенін түсініп, балабақшада оның жоғары деңгейде ұйымдастырылып өтуіне ниет білдірді.

Алынған нәтижелер балалардың шығармашылық қиялын дамытуда дәстүрлі емес сурет салу әдістерін қолдану бойынша жұмысты жоспарлауға және құруға мүмкіндік берді.

Ендігі кезекте, екінші кезең-«қалыптастырушы» болып табылады. Оның түпкі мақсаты-дәстүрден тыс сурет салу әдісін пайдалана отыра практикалық жұмысты ұйымдастыру. Әдістемелік әдебиеттерді талдау негізінде біз эксперимент жоспарын жасап, балалар үшін «сабын көпіршіктерімен сурет салу» әдісін таңдадық.

Техниканы орындау қызықты және жағымды эмоциялармен байланысты, әрі бұл техникалар күрделі жабдықты қажет етпейтін, балаларға қолжетімді құралдардан құралған. Берілген техника үшін, су толтырылған ыдыста бояуды сұйылтып, сусабын қосу керек. Пайда болған сұйықтыққа түтікшені батыру арқылы қағаз бетіне үрлеп оның із қалдыруын қадағалаймыз. Берілген техникамен жұмыс жасау барысында балаларда қиялдаудың шексіздігі және көңіл-күйдің көтеріңкі болуы байқалды. Әдісті игеру мақсатында ата-аналарға үйде өткен материалды қайталау ұсынылды. Көптеген ата-аналар балалардың тілектерін ескере отырып, сурет салған болатын. Біз балалар мен ата-аналармен жүргізілген жұмыс нәтижелі болды деп санаймыз. Көркемдік-шығармашылық қабілеттердегі өзгерістер динамикасын анықтау үшін бұл әдіс бірнеше рет қайталанып, балалар әр жаңа шығармашылық жұмысты бастау барысында орындау белсенділігі мен қызығушылығы көтерілгенін нық сеніммен мақтан тұта аламыз.

Эксперименттің соңғы нәтижелі үшінші кезеңі-«бақылау». Демек, практикалық кезеңнен кейін балалардың шығармашылығының даму деңгейінің динамикасын салыстырмалы түрде анықтауға біз қорытынды зерттеу өткіздік. Нәтижесінде, қайта өткізілген Е.Торренстің әдістемесінен 5 оқушы толықтай жоғары деңгейді көрсетіп, жұмыстың 95 құрап шықты. Бір оқушы орта деңгейді көрсетті. Ал төмен бағаланған оқушы бұл ретте мүлдем болмады. Бұл жерден біз алға қойылған мақсат-міндеттердің жемісті болғанын көре аламыз.

Қорыта келгенде, дәстүрден тыс сурет салу әдістері- бұл мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің қиялы мен шығармашылық әлеуетін арттыруға және дамытуға үлкен

мүмкіндік беретін, балаларға жағымды эмоциялар мен ұмтылыстар беретін іс-әрекет. Ол балалардың жас ерекшелігіне байланысты қарапайымнан бастап күрделіне түседі және өзінің оң ықпалын тигізеді. Жүргізілген эксперименттің барысында біз мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің тұлғалық-психологиялық дамуы шығармашылықпен тығыз байланысты екеніне көз жеткізді. Сондықтан, сурет салу-баланың қиялы мен шығармашылығы ұштасқан, шексіз әлеммен ұласқан іс-әрекеттің таптырмас айнасы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жаңа жағдайдағы Қазақстан: «іс-қимыл кезеңі» атты халыққа арналған жолдауы.
2. Гамезо М.В. Общая психология: Учебно-методическое пособие.-М.:Ось-89,2007.-352с
3. Казакова Р.Г. Рисование с детьми дошкольного возраста: нетрадиционные техники, планирование, конспекты занятия/ Р.Г.Казакова.-М.: ТЦ Сфера,2006.-211с.
4. Комарова Т.С. Обучение детей технике рисования: учебное пособие/Москва: Педагогическое общество России, 2005.-176с.
5. Жұмабекова Ф.Н. Бейнелеу өнерінің әдістемесі. Алматы. ЭВЕРО.2015.